



БЕКІТЕМІН

Бұланды ауданының әкімі

А.Смайылов

**Қалалық нысандардың ең үздік жаңа жылдық безендірілуіне
арналған аудандық байқауды өткізу туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Макинск қаласындағы нысандардың ең үздік жаңа жылдық безендірілуіне арналған байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.
2. Байқаудың ұйымдастырушылары «Макинск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі жергілікті атқарушы органы болып табылады.
3. Байқауға Макинск қаласы аумағында орналасқан жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.
4. Байқауға қатысушылар жаңа жылдық безендіруді төмендегі талаптарға сәйкес дайындауға тиіс: жаңашыл және шығармашылығы, жаңа жыл тақырыбына сәйкес, сапалы орындалған болуы керек.
5. Безендіру құрамына жаңа жылдық шыршалар, гирляндар, жарықтық инсталляциялар және өзге де декоративтік элементтер кіруі мүмкін.
6. Байқау барысында ғимараттардың, мекемелердің, ұйымдардың әкімшілік ғимараттарының, кәсіпкерлік нысандардың, жеке тұрғын үйлердің сыртқы безендірілуі ескеріледі, көркемдігі мен жарқындығы назарға алынады.
7. Байқау 2025 жылдың 18–25 желтоқсан аралығында келесі номинациялар бойынша өткізіледі:
 - «Үздік аула безендіру»
 - «Үздік тұрғын үй безендіру»
 - «Үздік көше»
 - «Үздік мемлекеттік мекеменің безендірілуі»

- «Үздік жеке ұйым/дүкен, кафе»
- «Үздік жаңа жылдық инсталляция»

8. Байқаудың қорытындысы 2025 жылдың 29 желтоқсанында шығарылады.

2. Байқаудың мақсаты

Байқау кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды, қала тұрғындарын Жаңа жыл мерекесіне орай қала аумағында мерекелік атмосфера қалыптастыруға тарту, шығармашылық бастамаларды дамыту мақсатын көздейді.

3. Байқаудың міндеттері

1. Жаңа жыл мерекесіне арналған нысанды ең жарқын безендіру бойынша жеңімпазды анықтау.

2. Жаңа жылдық мереке күндері аудан аумағында жарқын әрі көрнекі мерекелік орта қалыптастыру.

4. Байқаудың шарттары

1. Ұсынылған номинациялар бойынша жеңімпаздар анықталады.

2. Іріктеу қорытындысы бойынша қатысушылар 1–3 минуттық бейнероликтерді 2025 жылдың 26 желтоқсанына дейін, «**Макинск қаласы әкімінің аппараты**» мемлекеттік мекемесіне bul_makinsk@aqmola.gov.kz электрондық поштасы немесе WhatsApp (2-24-65 қабылдау нөміріне) мессенджері арқылы жолдайды.

3. Дайындалған бейнематериалдар аудандық комиссияның (қазылар алқасының) қарауына жіберіледі.

4. Бейнероликтерге төмендегі мәліметтерді қамтитын өтініш қоса беріледі: қатысушының атауы, номинациясы, байланыс деректері.

5. Байқаудың қазылар алқасы

1. Байқауға қатысушылардың жұмыстарын бағалау үшін қазылар алқасы құрылады, оның құрамына жергілікті атқарушы органдар мен қоғамдық ұйымдарының өкілдері кіреді.

2. Қазылар алқасы жұмыстарды осы Ережеде белгіленген критерийлер бойынша бағалайды.

6. Жеңімпаздарды марапаттау

1. Байқаудың жеңімпаздары қазылар алқасының бағалау нәтижесі бойынша анықталады.

2. Жеңімпаздар әр номинация бойынша жеке марапатталады.

3. Жеңімпаздарға естелік сыйлықтар табысталады.

4. Жеңімпаздар туралы ақпарат жергілікті атқарушы органдардың ресми парақшаларында және әлеуметтік желілерде жарияланады.

7. Қорытынды ережелер

1. Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

2. Байқау ұйымдастырушылары қатысушылардың фото және бейнематериалдарын БАҚ-та және әлеуметтік желілерде орналастыру құқығын өздеріне қалдырады.

3. Байқауға материалдар ұсыну – қатысушылардың осы Ереженің шарттарымен толық келісуі және фото, бейнематериалдарды пайдалануға рұқсат беруі болып табылады.

Макинск қ. әкімінің м.а.



М.Исмағамбетов